

**"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№ 28 ХАТТАМАСЫ**

13.12.2024 ж.

Алматы қ.

**Өткізу форматы: аралас.
"БЖЗҚ" АҚ ОА/онлайн (Cisco Webex Meetings)**

ҚАТЫСТЫ

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері (бұдан әрі - Кеңес, ҚК)

- 1) Ерлан Бурабаев, ҚК төрағасы;
- 2) Елена Бахмутова;
- 3) Александра Алехова;
- 4) Алтынбекова Гүлсара;
- 5) Татьяна Батищева;
- 6) Азамат Жолдасбеков;
- 7) Алевтина Донских;
- 8) Айдархан Құсайынов;
- 9) Жомарт Нұрабаев;
- 10) Евгений Сейпульник;
- 11) Жұмагүл Тәжібекова;

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Ж. Б.Құрманов, "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасы;
- 2) С. А.Егеубаева, "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) К. Н. Фазылова, "БЖЗҚ" АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры;
- 4) М. А. Акмаева, "БЖЗҚ" АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті директорының орынбасары, ҚК хатшысы.

Отырысқа кеңестің 11 мүшесі қатысты. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) Ұйымдастыру мәселелері. ҚК төрағасы мен ҚК төрағасының орынбасарын сайлау.
- 2) БЖЗҚ-ның 2024 жылдың 9 айындағы қызметі туралы есеп. Жаңашылдықтар және негізгі оқиғалар.
- 3) Әртүрлі.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша ҚК төрағасы Ерлан Бурабаев Қоғамдық кеңестің төрағасы мен ҚК төрағасының орынбасарын қайта сайлау мерзімінің келуіне байланысты жаңадан сайлау туралы ұсыныс жасады. Сондай-ақ, Қоғамдық кеңес төрағасының бұрынғы орынбасары Ирина Ледовскихтің ҚК-тен шығу туралы өтініш бергенін хабарлады.

Кеңес төрағасы лауазымына Евгений Сейпульник ұсынылды.

Дауыс берді:

"Евгений Сейпульник үшін" - 10

"қалыс қалды" – 0

Шешім қабылданды. БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің жаңа төрағасы болып Евгений Сейпульник (заңгер) бірауыздан сайланды.

ҚК төрағасының орынбасары лауазымына Татьяна Батищева ұсынылды.

Дауыс берді:

"Татьяна Батищева үшін" - 10"

"қалыс қалды" – 0.

Шешім қабылданды. ОС төрағасының орынбасары болып Татьяна Батищева (журналист) бірауыздан сайланды.

Евгений Сейпульник Кеңес мүшелеріне сенім білдіргендері үшін рахметін айтып, Ерлан Бурабаев мырза мен Ирина Ледовских ханымға еңбектері үшін алғыс білдірді. Кеңес қызметі бұрынғыдай белсенді түрде жалғасын табады деген үмітімен бөлісті.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша "БЖЗҚ" АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры Кәмила Фазылова сөз алды. Ол БЖЗҚ-ның 2024 жылдың 9 айындағы зейнетақы жинақтары бойынша негізгі көрсеткіштерін өткен жылғымен салыстыра отырып көрсетті. Зейнетақы жинақтары мен жарналардың оң динамикасы, құрылымы, зейнетақы жинақтарының төлемдері, аударымдары мен қайтарымдары, инвестициялық кіріс және зейнетақы активтерінің табыстылығы туралы ақпарат берді.

Баяндама барысында Ерлан Бурабаев зиянды жағдайларда жұмыс істейтіндерге төленетін төлемдердің көлеміне қызығушылық танытты. Оған баяндамашы зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарға арнаулы әлеуметтік төлемдер 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілгенін атап өтті және оларды қандай жағдайда алуға болатынын қысқаша айтып берді. 9 айда бұл төлемдерді 9 мың адам алып, төлем көлемі 1,4 млрд теңгеге жеткен.

Елена Бахмутова бұл жаңалық міндетті кәсіптік жарналар (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарының мерзімінен бұрын таусылып қалуына және ең осал жаста (65-70 жас) азаматтардың зейнетақының осы бөлігінсіз қалу қауіпі бар екендігі туралы пікірін білдірді. Ол бұл шараның асығыс екенін және бұл төлемдердің жұмыс істеуге мүмкіндіктері жоқ жастағы адамдарды зейнетақымен қамсыздандыруға арналғанын атап өтті.

Азамат Жолдасбеков зейнетақының тек 15 жылға есептелетініне алаңдаушылық білдіріп, "тәжірибе тәуекелі" деп аталатын сақтандыру жүйесі болуы керектігін жеткізді. "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов осы тұста Кеңестің өткен отырысында ұсынылған және Президент Әкімшілігі мен Үкіметке жіберілген сарапшылар тобының ұсынымдарында ЖМЗЖ шартты-жинақтаушы нұсқасын аралас нұсқамен (4+1) ауыстыру туралы айтылғанын атап кетті. Бұл ретте ЖМЗЖ-ның 4% қызметкерлердің жеке зейнетақы шоттарына, ал 1% - жинақтаушы зейнетақы төлемдерінің өміршеңдігіне кепілдік беретін жалпы шотына жіберілуі мүмкін. Мұндай шара қызметкерлерді қария шағында ең төменгі әлеуметтік стандарттан (ЕТЖ-дан төмен емес) төмен емес мөлшердегі жиынтық зейнетақымен қамтамасыз етеді. Бұл ұсыныс осыны қолдайтын мемлекеттік органдармен талқылануда.

Елена Бахмутова сарапшылардың кешенді ұсыныстары ағымдағы кезеңде жинақтаушы зейнетақы жүйесін бұзбауға және оны болашақ ұрпақтың игілігі үшін оңтайландыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Баяндамашы Кәмила Фазылова сөзін жалғастыра отырып, салымшылардың шоттарының құрылымын атап өтті. Олардың жалпы саны 16,8 млн бірлік, оның ішінде ЖМЗЖ бойынша жаңа шартты шоттар – 4,36 млн бірлік. Ал жұмыспен қамтылған халық саны 9 миллионнан астам адам екені атап өтілді. МЗЖ есепке алу бойынша жеке шоттардың саны 11,1 млн бірлік. 2024 жылдың 9 айында 5,74 млн адам 4-тен 9 жарнаға дейінгі кезеңділікпен тұрақты түрде МЗЖ аударып отырған.

Баяндамашы жинақтардың өсу үрдісі бар екенін жеткізді. Жинақтарының мөлшері төмен салымшылардың үлесі азайып, жинақтарының мөлшері жоғары салымшылардың үлесі өсуде. Сондай-ақ, Кәмила Фазылова МЗЖ бойынша зейнетақы жинақтары шоттарының құрылымына назар аударды: салымшылардың 55%-ы табысынан медиандық жалақыдан аз мөлшерде және 45%-ы медиандық жалақыдан көп аударған. Ең төменгі жалақыдан аз мөлшерде 12,5% аударылған. Ол 2024 жылдың 9 айында МЗЖ-ның орташа айлық мөлшері 37 855 мың теңгені құрайтынын, бұл 391 000 теңге мөлшеріндегі орташа айлық жалақымен өзара байланысатынын атап өтті.

Ол сонымен қатар, зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістің құрылымын көрсетті. Ондағы қаржы құралдары бойынша сыйақы - 55,2%, сыртқы басқару бойынша кірістер – 29,2%, валютадағы қаржы құралдарын қайта бағалау – 10,8%, қаржы құралдарын қайта бағалау – 4,7%. Бұл ретте ҚРҰБ басқаруында зейнетақы активтерінің 99,7%-ы болса, ИПБ-ларға активтердің 0,3% берілген. ЖМЗЖ есебінен зейнетақы активтерінің 100%-ы ҚРҰБ басқаруында. Есептелген инвестициялық кіріс 2,12 трлн теңгеге жетті, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 1,5 есеге көп.

«БЖЗҚ табысы өте жоғары қаржы институтына жата ма?» деген сұраққа Жанат Құрманов былай жауап берді: - БЖЗҚ-ның зейнетақы және меншікті активтерінің есебі бөлек жүргізіледі. Оның үстіне соңғы жылдары зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақыны төмендету жұмысы іске асырылып, оның мөлшері 0,008%-ға түсті және оған қосымша бір ЖЗШ-ға 0,04 АЕК-тен аспайтын мөлшерге дейін шектелді. Осылайша, 1 шотқа қызмет көрсету комиссиясының құны жылына 1772 теңге болды. Бұл әлемдегі ең төмен сыйақы мөлшері. Табыстың көп бөлігі меншікті активтерді басқарудан түседі. Ол "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасын іске асыру, ЖМЗЖ шоттарының есебін жүргізу және т.б. міндеттерді БЖЗҚ өз активтері есебінен, яғни аталмыш бағдарламаларды іске асырудан қандай да бір кіріс алмастан жүзеге асырып отырғанын атап өтті.

Кәмила Фазылова сондай-ақ, 01.10.2024ж. жағдай бойынша жеке компаниялардың сенімгерлік басқаруына беру және ИПБ-лар бөлінісіндегі инвестициялаудың таза инвестициялық кірісі бойынша жақсы нәтижелерін атап өтті. Ол 2021 жылдан бері 31 мың салымшы өздерінің зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға кем дегенде бір рет аударғанын мәлімдеді.

Сөзін әрі қарай жалғастырған Кәмила ханым зейнетақы қызметтерін көрсетудің дербестендірілген тәсілін іске асыру жөніндегі құралдар туралы баяндай келіп, БЖЗҚ-ның 2024 жылдың 9 айында 34 млн қызмет атқарғанын, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есеге көп екенін атап өтті. Бұл қызметтердің 96% электрондық және автоматтандырылған форматта көрсетілген.

Дербес кеңес беру және ақпараттандыру жайлы сөз қозғаған ол ағымдағы жылдың 9 айында 57 мың адам дербес кеңес беру қызметін алғанын, 18,7 мың адам зейнетақының өзі қалаған мөлшерін жоспарлауға мүмкіндік беретін зейнетақы жинақтарының дербес жоспарын қалыптастырғанын айтты.

Сондай-ақ, баяндамашы БЖЗҚ жұмысының сапа стандарттарына сәйкестігі, электрондық сервистердің дамуы, қызметтің үздіксіздігі және киберқауіпсіздік туралы хабардар етті. Ол Қордың ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Мемлекеттік техникалық қызмет тарапынан жоспардан тыс тексеру өткізілген кезінде дербес деректердің жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйым ретінде жоғары бағаланғанын атап өтті.

Кәмила Фазылова БЖЗҚ-ның жұртшылықпен өзара тиімді іс-қимылын ерекше атап өтті және халықтың хабардар болу деңгейін арттыру, халықпен тікелей байланысу, сайт пен әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың белсенділігі және т. б. бағыттардағы оң статистиканы мысалға келтірді.

Кәмила Фазылова баяндамасының соңында Mercer CFA Institute Global Pension Index (MCGPI) жаһандық жыл сайынғы зейнетақы индексында Қазақстанның зейнетақы жүйесі 2024 жылы орта позицияға ие болғанын атап өтті ("Лайықтылық", "Тұрақтылық" және

"Тұтастық" алғышарттары бойынша әлемнің талдауға түскен 48 зейнетақы жүйесі арасында 24 орын), МСGPI-дың бағалау алғышарттары мен Қазақстанға берген ақыл-кеңестері туралы айтты.

Алынған ақпаратты талқылай отырып, Азамат Жолдасбеков заңнамалық деңгейде ҚРҰБ-қа активтердің 50% дейінгі бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру туралы ұсыныс жасады. Ол ИПБ-ларға зейнетақы активтерін басқаруда көбірек еркіндік берілуі керек деп санайды. Сондай-ақ, ол БЖЗҚ-ның ҚК отырысында жасайтын келесі есебінде салымшылардың құрылымын халықтың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй мен емделуге мақсатты пайдалану кезеңіне (2021 жыл) дейін және одан кейінгі жинақ сомалары бөлінісінде ұсынуды өтінді.

БЖЗҚ-ның 2024 жылдың 9 айындағы қызметі туралы толық есеп enpf.kz сайтындағы "Қор туралы" - "Қоғамдық кеңес" - "Хаттамалар, таныстырылымдар."- 28 отырыс бөліміне орналастырылған.

БЖЗҚ-ның 2024 жылғы 9 айдағы қызметі туралы ақпаратты назарға алу туралы ұсыныс түсті.

Дауыс берді:

"қолдаймын" - 11

"қарсы" - 0

"қалыс қалды" – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 3 мәселені талқылау барысында Кеңес мүшелері оның мәртебесі және БЖЗҚ-мен корпоративтік басқару шеңберінде, сондай-ақ, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы туралы мәселені көтерді. Осы тұрғыда БЖЗҚ жанындағы ҚК туралы ережені қайта қарау ұсынылды.

ШЕШТІ:

Отырыстың күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша:

- 1.1. Қоғамдық кеңестің төрағасы болып Евгений Сейпульник сайлансын;
- 1.2. Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары болып Татьяна Батищева сайлансын.

Отырыстың күн тәртібінің 2 мәселесі бойынша:

- БЖЗҚ-ның 2024 жылғы 9 айдағы қызметі туралы ақпарат назарға алсын;
- Кеңес мүшелерінің ұсыныстарына сәйкес жұмысты жалғастыру (БЖЗҚ қызметі туралы жасалатын келесі баяндамада салымшылардың құрылымын халықтың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй мен емделуге мақсатты пайдалану кезеңіне (2021 жыл) дейін және одан кейінгі жинақ сомалары бөлінісінде ұсыну).

Отырыстың күн тәртібінің 3 мәселесі бойынша:

- ҚК туралы ережеге өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды дайындау бойынша жұмыс жүргізу.

Кеңес төрағасы

Е. Сейпульник

Кеңес хатшысы

М. Акмаева